

Өндірілуі, қайта өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, іске асырылуы, пайдаланылуы, жойылуы Қазақстан Республикасында лицензиялауға жататын улардың бірыңғай тізбесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 177-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

Өндірілуі, қайта өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, іске асырылуы, пайдаланылуы, жойылуы Қазақстан Республикасында лицензиялауға жататын улардың бірыңғай тізбесін қалыптастыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|--------------------------------------|---|
| Лукин Андрей Иванович | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекші |
| Қарымбаев Бақтыгерей Мұтиғоллаұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп салалары департаменті химиялық өндірістерді дамыту бөлімінің бастығы, жетекшінің орынбасары |
| Түгелбаева Айжан Әлімқызы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі экспорттық бақылау және лицензиялау басқармасы лицензиялау бөлімінің бастығы, хатшы |
| Ногай Святослав Петрович | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Әкімшілік және құқықтық жұмыс департаментінің директоры |
| Құмарбеков Ержан Әлімханұлы | - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Арнайы әскерлер департаменті басқарма бастығы - радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің бастығы |
| Тілеубекова Бақытгүл Тілеуханқызы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті Санитарлық-гигиеналық қадағалау басқармасының бастығы |

- Ахметова - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Ләззат Жамбылқызы сақтау министрлігі фармацевтика
және медицина өнеркәсібі комитеті
фармацевтикалық бақылау бөлімінің бастығы
- Мұхатчина - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Фаузия Өсербайқызы ортаны қорғау министрлігі Сараптама және
лицензиялау департаменті лицензиялау
бөлімінің бастығы
- Жүсіпова - Қазақстан Республикасының Ауыл
Гүлнар Мұхамедияқызы шаруашылығы министрлігі Өсімдіктерді
қорғау және карантин департаменті
өсімдіктерді қорғау бөлімінің бас маманы
- Әбеева - Қазақстан Республикасының Индустрия
Нұргүл Арғымбайқызы және сауда министрлігі Өнеркәсіп салалары
департаменті химиялық өндірістерді дамыту
бөлімінің бас маманы
- Тоқбаева - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Маржан Дәулетқызы министрлігі Қоғамдық қауіпсіздік
департаменті лицензиялық-рұқсат беру
жүйесі басқармасының аға инспекторы
- Козловский - Қазақстан Республикасының Көлік
Владимир Антонович және коммуникациялар министрлігі
Аэроғарыш комитеті "Инфрағарыш"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
"Инфрағарыш-Экос" директорының орынбасары
- Болатбекова - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Ардақ Дубекқызы министрлігі Орталық әскери клиникалық
госпиталь дәріханасының бастығы

2. Жұмыс тобы 2004 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Өндірілуі, қайта өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, іске асырылуы, пайдаланылуы, жойылуы Қазақстан Республикасында лицензиялауға жататын улардың бірыңғай тізбесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

Премьер-Министр